

2009 жылдың сәуір-маусым айларында 1991-1982 жылдар аралығында туған азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу туралы

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 6 сәуірдегі N 88 қаулысы. Маңғыстау ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 13 сәуірде N 11-5-75 тіркелді

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» N 779 Жарлығына сәйкес 1991-1982 жылы туған азаматтарды, шақыру күніне 18 жасқа толған және 27 жасқа дейінгі шақыруды кейінге қалдыруға құқығы жоқ азаматтарды кезекті міндетті әскери қызметке шақыру өткізуді қамтамасыз ету мақсатында аудан әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 1991 - 1982 жылы туған азаматтарды кезекті міндетті әскери қызметке шақыру 2009 жылдың сәуір айы мен маусым айының 30-ы аралығында жүргізілсін.

2. Шақыру пункті аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі базасында ұйымдастырылып, комиссия құрамы бекітілсін (1 қосымша).

3. Әскерге шақырылушыларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлеріне қарай алдын - ала бөлуге, дәрігерлік байқаудан өткізуге комиссия құрамы бекітілсін (2 қосымша).

4. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі бекітілсін (3 қосымша).

5. Село әкімдері және ұйымдардың басшылары:

Көрсетілген азаматтарды міндетті әскери қызметке шақыруға байланысты тиісті міндеттерін орындау үшін қорғаныс істері жөніндегі бөлімге шақырылғаны туралы хабардар етуді және олардың тиісті құжаттарымен шақыру пунктіне белгіленген мерзімде келуін қамтамасыз етсін.

6. «Маңғыстау аудандық емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері С.Абаевқа (келісім бойынша) «Маңғыстау аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері Б.Байназаровқа (келісім бойынша) төмендегі қызметтерді іске асыру ұсынылсын:

1991 - 1982 жылдар аралығында туылған әскерге шақырылатын азаматтарды медициналық тексерістен өткізу комиссиясына тәжірибесі мол маман - дәрігерлерді

қ а т ы с т ы р у ;

2009 жылдың сәуір айынан бастап 30 маусымға дейін әскерге шақырылушы азаматтардың флюорографиядан, электрокардиограммадан өтуін, анализдер тапсыруын , кан құрамын айыруын қамтамасыз ету;

шақыру комиссиясының маман-дәрігерлерін қажетті дәрігерлік аспаптармен, рентгенпленкамен, флюорография, электрокардиограммаға арналған қағазбен қ а м т а м а с ы з е т у ;

шақыруға жататын азаматтарды дәрігерлік куәландыруды жүзеге асыру үшін тәжірибелі маман - дәрігерлерді бөліп, флюорографиялық байқаудан, анализден, электрокардиограммадан өткізіп, жаппай егу жұмыстарын жүргізу;

созылмалы аурулар бойынша диспансерлік есепте тұрғандардың тізімдерін, денсаулық жағдайын сипаттайтын ауру тарихының көшірмесін, дәрігерлік тексерулер мен диспансерлік бақылау мәліметтерін, дәрігерлік амбулаториялық карталарын қорғаныс істері жөніндегі бөліміне тапсырып, комиссия жолдаған азаматтарды кезектен тыс амбулаториялық және стационарлық тексеруден өткізуді жүзеге асыру.

7. Әскерге шақырылғандар мен оларды шығарып салушылар арасындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және қажетті сандағы ішкі істер қызметкерлерін бөлу аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы Б.Ақшауовқа (келісім бойынша) ұсынылсын.

8. 2009 жылғы маусым айының 27-не дейін аудан әкімдігі қаулысының орындалысы туралы жазбаша ақпарат түсіру аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы Б.Қуанбаевқа ұсынылсын.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Махмутовқа жүктелсін.

10. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж.Албытов

А у д а н

ә к і м д і г і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

6

с ә у і р д е г і

N

8 8

қ а у л ы с ы н а

б е к і т і л г е н

1 қосымша

Азаматтарды міндетті әскери қызметке шақыру жөніндегі комиссия құрамы

Қуанбаев Бердіхан - комиссия төрағасы,
Аралбайұлы аудандық қорғаныс істері
жөніндегі бөлімінің бастығы

Жонасов Лазым - комиссия төрағасының
Наурызғалиұлы орынбасары, аудан әкімінің
кеңесшісі

Мүшелері:

Нұрлыбаева Жанар - аудандық емхананың дәрігері,
Сайынқызы медициналық комиссия төрайымы
(келісім бойынша)

Кесікбаева Қымбат - аудандық емхананың медбикесі,
Пәтербайқызы шақыру комиссиясының хатшысы
(келісім бойынша)

Сұлтанов Білімғали - аудандық ішкі істер бөлімі
Алуадинұлы бастығының орынбасары
(келісім бойынша)

А у д а н ә к і м д і г і н і н
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 6 с ә у і р д е г і
N 8 8 қ а у л ы с ы н а б е к і т і л г е н
2 қосымша

Дәрігерлік байқаудан өткізуге (куәлік етуге) тиісті комиссия құрамы

Нұрлыбаева Жанар - аға дәрігер
Ақжанов Жеңіс - дерматовенеролог
Төлемісова Сәулет - невропатолог
Жармағанбетова Ақбөбек - оториноларинголог
Құрамшин Мақсат (Кұсымбаев Байқадам) - хирург
Мұқанова Орынгүл - психиатр
Сейтмағанбетова Гүлмира - фтизиатр
Сүйетбаев Қыстаубай (Нұрбосынов Ерлан) - стоматолог
Жақсылықова Ұлмекен (Алиева Айгерім) - терапевт
Шаңытбаева Марал - терапевт мейірбикесі
Бримжанова Рыстай - флюоролаборантка
Сатенбаева Орынгүл - R-лаборант
Сағибекова Айкүміс (С.Жұбауова) - зертхана зерттеушісі
Нұрлыбаева Тілектес - зертхана зерттеу санитаркасы
Машырықова Айман - ЭКГ мейірбикесі

| | | | | | | | | | | | | | |
|----|-----------------|-----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|----|
| 5 | ЖЫҢҒЫЛ-ДЫ | | | | | | | | | | | | |
| 6 | ОНДЫ | | | | | | | | | | | | |
| 7 | ӨТЕС | | | | | | | | | | | | |
| 8 | ТҰЩЫҚҰ-ДЫҚ | | | | | | | | | | | | |
| 9 | ШЕБІР | | | | | | | | | | | | |
| 10 | ШАЙЫР | | | | | | | | | | | | |
| 11 | АҚТ ӨБЕ | | | | | | | | | | | | |
| 12 | ОТПАН | | | | | | | | | | | | |
| | Барлы-ғы | 445 | 50 | 40 | 40 | 45 | 40 | 40 | 40 | 45 | 40 | 35 | 30 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК